

Кенен Әзірбаевтың туғанына 125 жыл толуын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 маусымдағы N 824 Қаулысы

"Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның халық ақыны, дәстүрлі музыканың көрнекті өкілі, композитор, әнші Кенен Әзірбаевтың туғанына 125 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

5

м а у с ы м д а ғ ы

N

8 2 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстанның халық ақыны, дәстүрлі музыканың көрнекті өкілі, композитор, әнші Кенен Әзірбаевтың туғанына 125 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1	Қордай ауданының Кенен ауылында мәдени іс-шаралар өткізу	Жамбыл облысының әкімі	2009 жылғы маусым	Жергілікті бюджет	1150,0
2	Кенен Әзірбаевтың 125 жылдығына арналған айтыс өткізу	Жамбыл облысының әкімі	2009 жылғы маусым	Жергілікті бюджет	10000,0
3	Өнер шеберлерінің Кенен Әзірбаевтың 125 жылдығына арналған салтанатты жиналыс-концертін өткізу	Алматы қаласының әкімі	2009 жылғы қыркүйек	Жергілікті бюджет	1471,0
4	Кенен Әзірбаев атындағы "Шырқа даусым!" атты V конкурсын өткізу, конкурс лауреаттары туралы буклет шығару	Жамбыл облысының әкімі	2009 жылғы қазан	Жергілікті бюджет	11000,0

5	Кенен Әзірбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған салтанатты концерт өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2009 жылғы қазан	0 1 1 "Әлеуметтік-маңызды және мәдени іс-шаралар өткізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы	4050,5
	Жиыны:			Республикалық бюджет Жергілікті бюджет	4 0 5 0 , 5 23621,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК